

Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкінің арасындағы Қарыз туралы келісімді (Жай операциялар) (Ауылдық аумақтарды сумен жабдықтау және кәріз салалық жобасы) іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 28 маусымдағы N 641 Қаулысы

"Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкінің арасындағы Қарыз туралы келісімді (Жай операциялар) (Ауылдық аумақтарды сумен жабдықтау және кәріз салалық жобасы) бекіту туралы" (бұдан әрі - Қарыз туралы келісім) Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 желтоқсандағы Заңын және "Ауылдық аумақтарды сумен жабдықтау және кәріздеу" салалық жобасын қаржыландыру үшін Азия Даму Банкінің қарызын тарту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 54 қаулысын (бұдан әрі - жоба) іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жобаны республикалық бюджеттен бірлесіп қаржыландыру қаражатын санаттар бойынша бөлу бекітілсін.

2. Қосымшаға сәйкес құрамда жобаны үйлестіру жөніндегі комиссия құрылсын.

3. Қарыз туралы келісімнің күшіне ену шарттарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен жобаны басқару бойынша қолдау көрсету үшін консультанттарды тартсын;

2) жобаны басқару жөніндегі орталық топ құрсын және үш облыстық жобаны басқару топтарын құруға ықпал етсін.

4. Жобаны үйлестіру жөніндегі комиссия жобаға қатыстырылған орталық және жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ ведомстволар мен ұйымдардың қызметін үйлестіреді, жобаны іске асыру үшін мониторингті жүзеге асырады және оны Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 1149 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасымен, Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 маусымдағы N 889 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 93 қаулысымен бекітілген 2002 - 2010 жылдарға арналған "Ауыз су" салалық бағдарламасымен үйлестіруді қамтамасыз етеді деп белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы, Экономика және бюджеттік жоспарлау, Қаржы министрліктері жобалау-сметалық құжаттама орындалғаннан кейін

жобаны іске асыруға енгізілген ауылдық елді мекендердің тізбесі туралы нормативтік құқықтық кесімді бекітсін.

6. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті қарыз қаражатына алынған тауарлар мен қызметтерді есепке алуды жүргізісін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне:

- 1) ай сайынғы қаржылық есеп беруді;
- 2) жобаның іске асырылу барысы туралы тоқсан сайынғы есеп беруді ұсынсын.

7. Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдеріне жобаны іске асыру мақсатында:

- 1) жобалау жұмыстарының орындалуын;
- 2) құрылыс сапасын қадағалаудың жүзеге асырылуын;
- 3) жаңадан салынған және қайта жаңартылған сумен жабдықтау жүйелерінің тиісті пайдаланылуын әрі оларға қызмет көрсетілуін қамтамасыз ету ұсынылады.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 28 маусымдағы
N 641 қаулысымен

бекітілген

**"Ауылдық аумақтарды сумен жабдықтау және кәріз"
салалық жобасын республикалық бюджеттен бірлесіп
қаржыландыру қаражатын санаттар бойынша бөлу
(АҚШ доллары)**

Р / с N	Санат	А Д Б тара- пынан қаржы- ландыру	Қ а з а қ с т а н Республикасының Үкіметі тарапынан қаржыландыру		Барлығы
			р е с - п у б л и - к а л ы қ б ю д ж е т	облыстық бюджет	
1	Құрылыс жұмыстары	34600000	469000		35069000
2	Консультациялық қызметтер		1835000		1835000
3	Институционалдық дамыту бағдарламасы		600000		600000
4	Санитарлық-гигиеналық ағарту бағдарламасы		400000		400000

5	Алдын-ала жарна, міндетте- м е ү ш і н комиссиялық а л ы м ж ә н е құрылыс кезе- ңіндегі пайыз		2900000		2900000
6	Баждар және салықтар		8231000		8231000
7	Егжей-тегжейлі жобалау және құрылыстық қада- ғалау			4050000	4050000
ЖИЫНТЫҒЫ:		34600000	14435000	4050000	53085000

Қазақстан Республикасы
Ү к і м е т і н і ң
2005 жылғы 28 маусымдағы
N 641 қаулысына

қосымша

**"Ауылдық аумақтарды сумен жабдықтау және кәріз"
салалық жобасын үйлестіру жөніндегі комиссияның
құрамы**

Үмбетов	- Қазақстан Республикасының Ауыл
Серік Әбікенұлы	шаруашылығы министрі, төраға
Рябцев	- Қазақстан Республикасы Ауыл
Анатолий Дмитриевич	шаруашылығы министрлігінің Су
	ресурстары комитетінің төрағасы,
	төрағаның орынбасары
Атшабаров	- Қазақстан Республикасы Ауыл
Нұрлан Бақытжанұлы	шаруашылығы министрлігі Су ресурстары
	комитеті төрағасының орынбасары, хатшы
Өтеғұлов	- Қазақстан Республикасы Экономика және
Мәулен Амангелдіұлы	бюджеттік жоспарлау министрлігі
	Мемлекеттік қарыз алуды және кредит
	беруді жоспарлау департаментінің
	директоры
Байнақов	- Қазақстан Республикасы Қаржы
Рахмет Ғазизұлы	министрлігінің Мемлекеттік қарыз алу
	және халықаралық қаржы қатынастары
	департаментінің директоры
Сайдуақасов	- Қазақстан Республикасы Энергетика және
Мұрат Әшметұлы	минералдық ресурстар министрлігінің
	Геология және жер қойнауын пайдалану
	комитеті төрағасының бірінші орынбасары

Нефедов Алексей Петрович	- Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі
төрағасының орынбасары	
Аппарбеков Серік Сейітұлы	- Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау комитеті
төрағасының орынбасары	
Асқаров Альберт Мұхтарұлы	- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық- эпидемиологиялық қадағалау комитеті
төрағасының орынбасары	
Брагин Александр Геннадьевич	- Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Нормативтік құқықтық қамтамасыз ету және халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры
Отаров Қадырхан Махмұтұлы	- Ақмола облысы әкімінің орынбасары
Таласпеков Жомарт Секенұлы	- Қарағанды облысы әкімінің орынбасары
Развин Сергей Владимирович	- Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары
Төлебаев Кенжехан Атақұлұлы	- Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары